

1. Біліктілік
 - A) қарастырылып отырған объект туралы түсініктер, теориялық мағлұматтар жиыны
 - B) педагогикалық процестің көп деңгейлігі
 - C) біліктілікті көрсетудің үйреншікті, сенімді әдістерінің қалыптасуы
 - D) материя мен оның қозғалысының өзқауым теориясы
 - E) теориялық білімді есеп шығаруға, практикада қолдану мүмкіндігі
 - F) оқушының мұғалімнің тапсыруымен реферат жазуы
2. Зертханалық жұмыс барысында
 - A) тәжірибе мектептен тыс жүргізіледі
 - B) білім алушылардың көрнекті құралдарға икемділігі, орнымен қолдана алу дағдысы қалыптасады
 - C) білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдылары қалыптасады
 - D) қолдан физикалық прибор жасайды
 - E) білім алушылардың белсенділігі артады
 - F) көрнекі құралдар жасайды
3. 18°C градустағы 1 л суды 100°C градусқа дейін қыздыру үшін керек жылу мөлшері
 - A) 350 кДж
 - B) $3,4 \cdot 10^5$ Дж
 - C) 340 кДж
 - D) $127 \cdot 10^3$ Дж
 - E) $35 \cdot 10^4$ Дж
 - F) $1,27 \cdot 10^6$ Дж
4. Физикалық білімнің эмпирикалық деңгейін құраушылар
 - A) гипотезалар
 - B) тақырыптар
 - C) заңдар мен түсініктер
 - D) принциптер
 - E) заңдылықтар
 - F) ғылыми фактілер
 - G) негізгі идеялар
5. Тербелістерді детектрлеу құрылғысының элементтері
 - A) фильтр
 - B) иінді білік
 - C) диск
 - D) рычаг
 - E) диод
 - F) маятник

6. Температураның тұрақты болуы
- A) Бойль-Мариотт заңы
 - B) Шарль заңы
 - C) Изохоралық процесс
 - D) $PV = const$
 - E) Изотермиялық процесс
 - F) Изобаралық процесс
 - G) Гей-Люссак заңы
7. Жылу берілу кезіндегі ішкі энергияның өзгеруінің сандық өлшемі
- A) жұмыс
 - B) жылдамдық
 - C) энтропия
 - D) күш
 - E) қуат
 - F) жылу мөлшері
 - G) салмақ
8. Объективті болмысты бейнелеу процесінің, адамзат танымының ең жоғары сатысы
- A) сезу
 - B) мәдениет
 - C) жүйелеу
 - D) есеп шығару
 - E) ойлау
 - F) сөйлеу
 - G) тәрбие
9. Физика курсының оқыту көлемі мен оның мазмұнын анықтайтын негізгі құжат
- A) тақырыптық жоспар
 - B) оқу құралы
 - C) оқулық
 - D) қысқа мерзімді жоспар
 - E) бағдарлама
 - F) журнал
 - G) электронды оқулық
10. Материяның заттық түрін сипаттайтын шама
- A) ток күші
 - B) электр сыйымдылық
 - C) тығыздық
 - D) салмақ
 - E) заряд
 - F) кедергі
 - G) масса
 - H) көлем